

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ

С. АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН  
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

2018-2019 ОҚУ ЖЫЛЫНА С. АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС  
ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ БІЛІМ  
АЛУШЫЛАРЫНА ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ШАРАЛАРЫ  
ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ 08

ШҚМУ Е 008-18

Бірінші басылым

Көшірме № \_\_\_\_\_

Өскемен қ.  
2018 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

С. АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК  
УНИВЕРСИТЕТІ

БЕКІТІЛДІ

С. Аманжолов атындағы ШҚМУ  
Ғылыми кеңесінің шешімімен  
(03.05.2018 жылғы №5 хаттама).  
Ғылыми кеңестің төрағасы,  
ректор

  
М.Ә. Төлеген  
«03» 05 2018ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

ЕРЕЖЕ <i>№08</i>	Бірінші басылым
ШҚМУ Е 008-18	Бет саны: 16
2018-2019 оқу жылына С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті білім алушыларына әлеуметтік қолдау көрсету шаралары туралы	Енгізу мерзімі: <i>«03» мамыр</i> 2018 ж. Бірінші тексеру мерзімі 2019 ж. Тексеру кезеңділігі 1 жыл

**ЖАСАҒАН:**

Маркетинг және жоғары оқу орнына  
дейінгі дайындық орталығының жетекшісі



А.Х. Машкенова

**КЕЛІСІЛДІ:**

Сапа бойынша басқарма өкілі

Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор

Тәрбие жұмысы жөніндегі проректор

Бас бухгалтер

Жоспарлау-экономикалық бөлімінің бастығы

Сапа менеджменті, мониторинг  
және болжау бөлімінің бастығы

Құжаттық қамтамасыз ету және бақылау  
бөлімінің бастығы

Заңгер-кеңесші



Г.А. Сералин



А.Б. Мырзағалиева



И.В. Ровнякова



З.Е. Касенуалиева



А.А. Касайнова



Н.Б. Алимбекова



Г.К. Жакиянова



Н.К. Жукова

## Мазмұны

1	Жалпы ереже.....	4
2	Нормативтік сілтемелер.....	4
3	Терминдер мен анықтамалар.....	4
4	Әлеуметтік қолдау көрсетуді ұсыну мөлшері мен тәртібі .....	4
5	Әлеуметтік қолдау көрсетуді ұзарту және/немесе тоқтату негіздемесі.....	5
6	Абай және Сәрсен Аманжолов атындағы атаулы шәкіртақы беруге конкурс өткізу шарттары.....	6
7	Өзгерістер.....	6
8	Келісу, сақтау және тарату .....	7
	Қосымша 1.....	8
	Қосымша 2 .....	13

## 1 Жалпы ереже

1.1 2018-2019 оқу жылына С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті (әрі қарай – Университет) білім алушыларына әлеуметтік қолдау көрсету шаралары туралы осы ереже (әрі қарай – Ереже) халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз тобына жататын және/немесе жоғары дайындық деңгейіне ие білім алушыларды қолдау мақсатымен жасалды және әлеуметтік қолдау көрсету тәртібін анықтайды.

1.2 Оқыту қызметін өтемелі көрсету шартын жасау мен білім алушылар қатарына қабылдау туралы бұйрық Осы Ереженің нормаларын қолдану негізі болып табылады.

1.3 Осы Ережемен қарастырылған әлеуметтік қолдау көрсету шаралары оқудың барлық нысандарына түскен білім алушыларға қолданылады.

1.4 Осы Ереже 2018-2019 оқу жылында оқуға түскен және/немесе ауысқан білім алушыларға қолданылады.

## 2 Нормативтік сілтемелер

Осы құжат келесі нормативтік құжаттарда жазылған талаптармен және ұстанымдардың есебімен жасалды:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы;
- Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» заңы;
- 2016-2019 жылдары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік даму бағдарламасы;
- С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Жарғысы;
- 12.03.2012 жылғы ҚР Үкіметінің Қаулысымен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек беру ережесі.

## 3 Терминдер мен анықтамалар

3.1 Осы Ережеде бар түсініктер келесі мағынада қолданылады:

**Әлеуметтік қолдау шаралары** – оқыту қызметін төлеуде шығындарды қысқарту бойынша білім алушылардың (дарынды балалар, ерекше қажеттеліктері бар жетім балалар, көп балалаы отбасылар және т.б.) белгілі санаттарына арналған Университет ұсынатын игілік.

**Комиссия** – университет қызметкерлерінің қатарынан құрылатын коллегиялық орган, оның құзыретіне әлеуметтік қолдау көрсетуді алуға үміткерден ұсынылған құжаттарды қарау кіреді.

**Қабылдау комиссиясы** – ҚР «Білім туралы» заңына сәйкес түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру және құжаттар қабылдау үшін құрылатын коллегиялық орган.

**Атаулы шәкіртақылар** – спорт, ғылым, техника, шығармашылық саласындағы жетістіктері және оқуда жоғары нәтижесі үшін дарынды білім алушыларды әлеуметтік қолдаудың түрі.

**Портфолио** – білім алушының жеке жинақтық баға рөлін атқаратын жеке оқу жетістіктерін ұсынатын құжаттар жинағы.

## 4 Әлеуметтік қолдау көрсетуді ұсыну тәртібі мен мөлшері

4.1 Әлеуметтік қолдау көрсету шараларын алуға құқы бар тұлғалардың санаты және оның мөлшері Осы Ереженің 1, 2 қосымшаларында анықталған.

4.2 Шарт негізінде докторантураға түскен тұлғаларды әлеуметтік қолдау шарасы жеке тәртіпте қаралатын болады.

4.3 Ағымдағы оқу жылында мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қабылданған дайындық бөлімінің тыңдаушыларына осы Ереженің 4 және 5 бөлімдерінде қарастырылған шараларды сақтамай өтеусіз негізде Студенттер үйінен орын беріледі.

4.4 Әлеуметтік қолдау шарасын алуға үміткер білім алушы Университет пен Колледждің қабылдау комиссиясына барлық қажетті құжаттарды ұсына отырып ректордың атына жазбаша өтініш береді. Оқу жылы басталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күні қалғанға дейін өтініш қабылданады.

4.5 Ұсынылған құжаттардың толықтылығын, негізділігін және заңдылығын қарау үшін Комиссия құрылады.

4.6 Комиссия отырысында барлық құжаттарды жариялық, ашықтық және еркін талқылау жағдайында комиссия қарастырады. Қаралған құжаттардың негізінде әлеуметтік қолдау көрсету шарасын алуға үміткерлердің көрсетілген тізімімен комиссия отырысында хаттама жасалады. Бұл хаттама ұсыныстық сипатта болады және Университеттің Ғылыми кеңесінің қарауына ұсынылады.

4.7 Комиссия өтініштерді тіркеу журналын жүргізеді және оның түскен кезінен бастап 5 жұмыс күннің ішінде барлық өтініштер қаралады.

4.8 Ғылыми кеңес ұсынылған кандидатураны қарастырады және әлеуметтік қолдау көрсету шарасын ұсыну немесе ұсынбау туралы шешім шығарады.

4.9 Ғылыми кеңестің шешімі негізінде әрбір білім алушымен оқытудың қызметін өтемелі көрсету шартына әлеуметтік қолдау көрсету мөлшері мен мерзімі көрсетілген қосымша келісім жасалады.

4.10 Оқудың белгіленген төлеміне қатысты әлеуметтік қолдау көрсетудің бір түрі ғана қолданылуы мүмкін. Білім алушының бірнеше санат бойынша әлеуметтік қолдау көрсетуге құқы бар болғанда оған ең жоғарғысы ұсынылады. Осы Ережемен қарастырылған әлеуметтік қолдау көрсету сомасы жинақталып қосылмайды.

4.11 Осы Ереженің 5.3 т.-да қарастырылған жағдайда факультет деканы/С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Жоғары колледжінің (әрі қарай – Колледж) директоры білім алушылардың өтініштерін және растайтын құжаттар пакетін комиссияның қарауына ұсынады, ол осы Ереженің 4.5 т.-мен сәйкес құжаттарды 5 (бес) жұмыс күні қалғанға дейін қарайды.

## **5 Әлеуметтік қолдау көрсетуді ұзарту және/немесе қысқарту негіздемелері**

5.1 Университеттің білім алушыларына әлеуметтік қолдау шаралары студент, магистрант 1 семестрді 3,0-тен төмен емес GPA-мен бітірген жағдайда осы Ережемен қарастырылған әлеуметтік қолдау көрсету бір оқу жылына беріледі, 1 (бірінші) академиялық кезеңді 3,0-тен төмен GPA-мен бітірген жағдайда ұсынылған әлеуметтік қолдау көрсету 2 академиялық кезеңнен (семестрден) бастап алынады.

5.2 Колледждің білім алушыларына әлеуметтік қолдау шаралары студент 1 семестрді 4-тен (төрт) төмен емес GPA-мен бітірген жағдайда осы Ережемен қарастырылған әлеуметтік қолдау көрсету бір оқу жылына беріледі. 1 (бірінші) семестрді 4-тен (төрт) төмен бағамен бітірген жағдайда ұсынылған әлеуметтік қолдау көрсету 2 семестрден бастап алынады.

5.3 Осы Ереженің 1 мен 2 қосымшаларының 1 және 2 тармақшасында қарастырылған санатқа жататын білім алушылар үшін оқу жылын сәтті бітірген жағдайда (3,0-тен төмен емес GPA-мен) келесі оқу жылына әлеуметтік қолдау көрсету ұсынылуы мүмкін.

5.4 Өз еркімен немесе басқа жоғары оқу орнына немесе колледжге ауысуына және Ішкі тәртіп ережелерін, университет жарғысын, келісім шартын бұзуына байланысты оқудан шығарылған білім алушылар оқуға алған әлеуметтік қолдау көрсетудің сомасын Университетке және Колледжге өтеуге міндеттеледі.

5.5 Осы Ереже ұйымдармен шарт немесе мақсатты грант бойынша, жергілікті бюджет қаражатының есебінен білім беру грантының негізінде білім алатын студенттерге, магистранттарға, докторанттарға қарастырылмайды.

5.6 Осы Ережені Университеттің Ғылыми кеңесі бекітеді.

5.7 Құжаттардың дер кезінде дайындалуына және дұрыс толтырылуына жауапкершілік бас бухгалтер, қабылдау комиссияның жауапты хатшысына, факультет декандарына, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің жетекшісіне, Колледж директорына жүктеледі.

5.8 Осы Ереженің орындалуына бақылау стратегиялық даму және ғылыми жұмыс жөніндегі проректорға жүктеледі.

## **6 Университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен Абай және Сәрсен Аманжолов атындағы атаулы шәкіртақы беруге конкурс өткізу шарттары**

6.1 Университет шәкіртақылары Университет комиссиясы өткізген конкурстың нәтижесі бойынша бөлінеді.

6.2 Конкурс туралы хабарландыру университет сайтында жарияланады.

6.3 Шәкіртақыға ҰБТ нәтижесі бойынша 130 және одан жоғары балл жинаған және мемлекеттік білім беру грантына байқауға қатысу үшін өтініште С. Аманжолов ат. ШҚМУ-ды бірінші, екінші көрсеткен мектеп түлектері үміткер бола алады.

6.4 Шәкіртақылар осы Ереженің 5.1т. сақтаған кезде бірінші курстан бастап оқудың барлық кезеңіне тағайындалады. Атаулы шәкіртақыны алу басқа шәкіртақылардың түрін алуға кедергі болмайды.

6.5 Білім алушы конкурсқа қатысуы туралы жазбаша өтініші мен портфолиосы конкурсқа қатысуға негіздеме болып табылады, олар келесіден тұрады:

6.5.1 Конкурсқа қатысушы туралы ақпарат (бірінші екі бет);

6.5.2 «Менің жетістіктерім» бөлімінде болу керек: соңғы 3 жылдағы мақтау қағаздар, сертификаттар, дипломдар, алғыс хаттар және тағы басқалар.

6.5.3 «Менің басылымдарым» бөлімінде әр түрлі ғылыми және шығармашылық жобаларға қатысу нәтижесі бойынша басылмдар тізімі болу керек. Басылымдар болмаған жағдайда тізім салынбайды.

6.5.4 «Менің болашаққа жоспарым» бөлімі қатысушы жазған эсседен (көлемі – А4 пішімдегі 1 бет) тұрады, онда ол болашаққа өзінің жоспарларымен таныстырады: жоспарланған негізгі мамандығы, қосымша мамандық, әуесқойлығы, қызығушылығы, және т.б. Бұдан басқа қатысушы өзінің немесе басқа мамандықты, осы немесе басқа бағытты таңдауын түсіндіреді және қорытынды жасайды.

6.6 Портфолио қағаз нұсқада ұсынылады.

## **7 Өзгерістер**

7.1 Ережеге өзгерістер мен қосымшалар СБӨ рұқсатымен енгізіледі және оның қолы қойылып, өзгеріс туралы хабарлама түрінде құжатталады. Өзгеріс туралы хабарлау парағы белгіленген үлгіге сәйкес хатталады және осы ереже орналасқан барлық құрылымдық бөлімшелерге беріледі. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен қосымшалар ҚР ШҚМУ 001-13 талаптарына сәйкес енгізіледі. Сақтауға берілген ережеге өзгерістер енгізу туралы хабарламаны әзірлеуші бөлімше шығарады. Ережеге өзгерістерді ҚБЖ өзгерістерді және қосымшаларды тіркеу парағына белгілей отырып, енгізеді.

7.2 Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен қосымшаларды енгізу үшін СММЖББ және ҚБЖ жауапты.

7.3 Ережеге өзгерістер мен қосымшаларды енгізу үшін мыналар негіз бола алады:

- заң күші бар нормативтік-құқықтық актілерге жаңадан енгізілген өзгерістер мен қосымшалар;

- ректордың бұйрықтары;
- СБӨ рұқсатымен енгізілген өзгерістердің себебі көрсетілген ҚБЖ қызметтік жазбасы.

7.4 Ұйымның немесе құрылымдық бөлімшенің атауы өзгертілген кезде ереже ауыстырылуы керек.

7.5 Ауыстырылған жағдайда ереженің күшін жоғалтқан университеттегі барлық даналар алынып, жаңасымен ауыстырылуы тиіс.

7.6 Ескірген ережені алу және ауыстыру үшін ҚБЖ және СММжББ жауапты.

7.7 Ескірген ережеде «Жойылды» деген белгі, жою негіздемесі, күні және «Жойылды» деген белгіні қойған тұлғаның қолы қойылып, мұрағатқа жіберіледі. Мұрағаттық құжаттар жұмысқа пайдаланылмайды.

## **8 Келісу, сақтау және тарату**

8.1 Ережені Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келісуді ҚБЖ жүзеге асырады.

8.2 Ережені ҚБЖ әзірлейді.

Ережені мыналар келіседі:

- СБӨ;
- тәрбие жұмысы жөніндегі проректор;
- оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор;
- бас бухгалтер;
- жоспарлы - экономикалық бөлім бастығы;
- СММжББ бастығы;
- құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің бастығы;
- заңгер-кеңесші.

8.3 Ережені ректор бекітеді және жойылғанға дейін әрекет етеді.

8.4 Ереженің түпнұсқасы құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінде сақталады және оның сақталуы үшін құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің бастығы жауапты болады.

8.5 Ереженің есепке алынған жұмыс даналарын құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі таратады.

8.6 Ереженің есепке алынған жұмыс данасының бөлімшеде сақталуы үшін ҚБЖ жауапты.

**Университет пен Колледжде оқу төлеміне әлеуметтік қолдау көрсету шаралары**

№	Санаттар	Оқыту қызметін өтемелі көрсету шартында көрсетілген сомадан әлеуметтік қолдау көрсету мөлшері теңгемен (университеттің бакалавриатына түсетіндер үшін)	Оқыту қызметін өтемелі көрсету шартында көрсетілген сомадан әлеуметтік қолдау көрсету мөлшері теңгемен (колледжге түсетіндер үшін)	Ескерту
1.	Жетім балаларға	70 000	40 000	Осы Ереженің 5.1 т. және 5.2 т. сақтау кезінде оқытудың қызметін өтемелі көрсету шартына қосымша келісімімен сәйкес оқудың барлық кезеңіне
2.	Ата-ана қамқорынсыз қалған балаларға	50 000	30 000	Осы Ереженің 5.1 т. және 5.2 т. сақтау кезінде оқытудың қызметін өтемелі көрсету шартына қосымша келісімімен сәйкес оқудың барлық кезеңіне
3.	I, II топтағы мүгедектер қатарынан азаматтарға, бала кезден мүгедектерге, бала-мүгедектерге	50 000	30 000	Осы Ереженің 5.1 т. және 5.2 т. сақтау кезінде оқытудың қызметін өтемелі көрсету шартына қосымша келісімімен сәйкес оқудың барлық кезеңіне
4.	Ата-анасы университет қызметкер-оқытушылары болып табылатын, аттестатында тек «4» пен «5» бар білім алушыларға	30 000	20 000	Осы Ереженің 5.1 т. сақтау кезінде оқытудың қызметін өтемелі көрсету шартына қосымша келісімімен сәйкес оқудың барлық кезеңіне
5.	Университетте немесе	«2» – 30 000	«2» – 10 000	Осы Ереженің



**ШЖҚ РМК «Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті»**

	колледжде бір отбасынан екі және одан да көп мүшелері оқыған кезде (толық туыс және толық емес туыс аға, сіңлі, әке, шеше)	«3» – 40 000	«3» – 20 000	5.1 т. және 5.2 т. сақтау кезінде оқытудың қызметін өтемелі көрсету шартына қосымша келісімімен сәйкес оқудың барлық кезеңіне
6.	Ата-анасының екеуі де мүгедек білім алушыларға (I және/немесе II топтар)	40 000	20 000	Осы Ереженің 5.1 т. сақтау кезінде оқытудың қызметін өтемелі көрсету шартына қосымша келісімімен сәйкес оқудың барлық кезеңіне
7.	Анасы «Күміс Алқа», «Алтын Алқа» белгілері бар иелерінің отбасынан білім алушыларға	20 000	10 000	Бір оқу жылына
8.	Университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен оқудың 100% төлемімен «Дарын» аймақтық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған химия және биология бойынша I дәрежелі дипломы бар олимпиада жеңімпаздарына (олимпиада қазылар алқасының қорытынды хаттамасының негізінде)	Оқу төлеміне сәйкес		Бір оқу жылына
9.	Білім алушыларға арналған университет олимпиадаларының I дәрежелі дипломдары бар жеңімпаздарға (бейіндік кафедра ұсынған олимпиада қазылар алқасының қорытынды хаттамасының негізінде)	100 000		Бір оқу жылына
10.	Білім алушыларға арналған университет олимпиадаларының II дәрежелі дипломдары бар жеңімпаздарға (бейіндік кафедра	80 000		Бір оқу жылына

**ШЖҚ РМК «Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті»**

	ұсынған олимпиада қазылар алқасының қорытынды хаттамасының негізінде)			
11.	Білім алушыларға арналған университет олимпиадаларының III дәрежелі дипломдары бар жеңімпаздарға (бейіндік кафедра ұсынған олимпиада қазылар алқасының қорытынды хаттамасының негізінде)	60 000		Бір оқу жылына
12.	Ерекше үлгідегі аттестаты (куәлігі) бар мектеп түлектеріне	50 000	30 000	Бір оқу жылына
13.	Конкурс нәтижесінің негіздемесінде 130 және одан жоғары балл жинаған ҰБТ сертификаты бар мектеп түлектеріне «Абай атындағы шәкіртақы» және «Абай атындағы алтын төс белгісі»	50 000		Осы Ереженің 5.1 т. сақтау кезінде оқудың барлық кезеңіне
14.	Конкурс нәтижесінің негіздемесінде 130 және одан жоғары балл жинаған ҰБТ сертификаты бар мектеп түлектеріне «С. Аманжолов атындағы шәкіртақы» және «С. Аманжолов атындағы алтын төс белгісі»	25 000		Осы Ереженің 5.1 т. сақтау кезінде оқудың барлық кезеңіне
15.	«Алтын белгі» белгі иегерлері - мектеп түлектеріне	100 000	70 000	Бір оқу жылына
16.	ШҚМУ Жоғары колледж түлектеріне	50 000		Бір оқу жылына
17.	Университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен оқудың 50% төлемімен ҰБТ немесе КТ конкурстық балы 125-тен жоғары және одан да көп баллды сертификаты бар, сонымен бірге мемлекеттік білім беру грантын тағайындау байқауына қатысушының	Оқу төлеміне сәйкес		Осы Ереженің 5.1 т. сақтау кезінде оқудың барлық кезеңіне

	анықтамасы бар және ШҚМУ мамандықтарын бірінші көрсеткен, ҚР орта жалпы білім беру мектеп түлектеріне			
18.	ҰБТ немесе КТ жоғары балынан 70%-дан кем емес конкурс балымен сертификаты бар, сонымен бірге ШҚМУ мамандықтарын бірінші көрсеткен мемлекеттік білім беру грантын тағайындау байқауына қатысушының анықтамасы бар ҚР орта жалпы білім беру мектеп түлектеріне	100 000		Бір оқу жылына
19.	ҰБТ немесе КТ жоғары балынан 50%-дан кем емес конкурс балымен сертификаты бар, сонымен бірге ШҚМУ мамандықтарын бірінші көрсеткен мемлекеттік білім беру грантын тағайындау байқауына қатысушының анықтамасы бар ҚР орта жалпы білім беру мектеп түлектеріне	80 000		Бір оқу жылына
20.	Өту деңгейі 477-ден (жазбаша), 153-тен (СВТ), 53-тен (iBT) кем емес TOIFL немесе өту деңгейі 6.0 кем емес IELTS сертификаты бар ҚР орта жалпы білім беру мектептерінің түлектеріне	40 000		Бір оқу жылына
21.	Бір мамандыққа 10 және одан да көп білім алушылар басқа ЖОО-дан ауысқанда	20 000		Бір оқу жылына
22.	Техникалық мамандықтарға түскен білім алушыларға: <u>Жалпы орта білім негізінің күндізгі оқу нысаны</u> 5B071000 Материалтану және жаңа материалдар технологиясы;	295 800		Оқудың барлық кезеңіне

	5B070300 Ақпараттық жүйелер; 5B072800 Өңдеу өндірісінің технологиясы; 5B073100 Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі			
	<u>ТжКББ негізінің кешкі оқу нысаны</u> 5B070300 Ақпараттық жүйелер; 5B072800 Өңдеу өндірісінің технологиясы (сала бойынша)	115 830		
	<u>ТжКББ негізінің сырттай оқу нысаны</u> 5B073100 Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі	94 500		
	<u>Жоғары білім негізінің сырттай оқу нысаны</u> 5B073100 Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі	94 500		
23.	2018 жылдың 1-қыркүйегіне дейін оқу жылына алдын ала 100% төлем жасағанда	15 000	10 000	Бір оқу жылына
24.	Республикасының құрама мүшелеріне (спорт шеберлері, кандидаттар), орындау шеберлігінің республикалық байқаулар лауреаттарына	200 000	70 000	Бір оқу жылына
25.	Қазақстан Республикасының деңгейінде соңғы 3 жылда I, II, III орын алған облыстық құрама мүшелеріне, спортшыларға, орындау шеберлігінің облыстық байқау лауреаттарына, сонымен қатар «Шығыстың таланттары» байқауында жүлделі орын алған лауреаттарға	50 000	20 000	Бір оқу жылына
26.	«Мәңгілік ел жастары - индустрияға» -«Серпін» мемлекеттік бағдарламасының	100 000	40 000	Бір оқу жылына

ШЖҚ РМК «Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті»

	күндізгі оқу нысаны бойынша өкілетті органның Мемлекеттік тапсырыс аясындағы квотасы бар бакалавриат мамандықтарында келісім шарт негізінде оңтүстік аймақтардан білім алушыларға			
27.	7 және 5 айлық «Шығыстың алтын қоры» дайындық курстарын, үш және одан да көп пәндер бойынша ШҚМУ «Өсу орталығының» дайындық курстарын сәтті аяқтаған тыңдаушыларға	30 000		Бір оқу жылына
28.	ҰБТ немесе КТ жоғары балынан 50%-дан кем емес конкурс балымен сертификаты бар ағымдағы оқу жылының дайындық бөлімі тыңдаушыларына	50 000		Бір оқу жылына
29.	5B011900-Шет тілі: екі шет тілі мамандығына түскен университет ПОҚ мен қызметкерлеріне	40 000		Бір оқу жылына
30.	Өрекеттегі шетелдіктің ҚР тұруға ықтиярхаты бар шетелдік білім алушыларға	20 000		Бір оқу жылына
31.	Экономикалық мамандықтарға түскен білім алушыларға: <u>ТжКББ және Жоғары білім негізінің кешкі оқу нысаны</u> 5B050600 Экономика; 5B050700 Менеджмент; 5B050800 Есеп және аудит; 5B050900 Қаржы.	20 470		Оқудың барлық кезеңіне
32	Моңғолияның шетел азаматтарына және этникалық қазақтарға шарттық негізде оқитын білім алушыларға университет қаражаты есебінен 100% жеңілдіктер беріледі			Оқудың барлық кезеңіне

**Магистратураға түсетіндерге арналған оқу төлеміне әлеуметтік қолдау көрсету шаралары:**

№	Санаттар	Оқыту қызметін өтемелі көрсету шартында көрсетілген сомадан әлеуметтік қолдау көрсету мөлшері теңгемен	Ескерту
1.	23 жасқа дейінгі жетімдер	70 000	Осы Ереженің 5.1 т. сақтау кезінде оқытудың қызметін өтемелі көрсету шартына қосымша келісімімен сәйкес оқудың барлық кезеңіне
2.	I, II топтағы мүгедектер қатарынан азаматтарға, бала кезден мүгедектерге, бала-мүгедектерге	40 000	Осы Ереженің 5.1 т. сақтау кезінде оқытудың қызметін өтемелі көрсету шартына қосымша келісімімен сәйкес оқудың барлық кезеңіне
3.	Ата-аналары университет қызметкерлері болып табылатын білім алушыларға	30 000	Осы Ереженің 5.1 т. сақтау кезінде оқытудың қызметін өтемелі көрсету шартына қосымша келісімімен сәйкес оқудың барлық кезеңіне
4.	Бір ұйымнан оқуға түсетін тұлғаларға-корпоративтік шегерім. Егер бір ұйымнан 10 адам және саныбілім алатын болса, олардың әрқайсысына	15000	Бір оқу жылына
5.	2018 жылдың 1-қыркүйегіне дейін оқу жылына алдын ала 100% төлем жасағанда	15 000	Бір оқу жылына
6.	2 жылдық оқу мерзімінде (ғылыми-педагогикалық бағыт) 2018 жылдың 1-қыркүйегіне дейін оқу жылына алдын ала 100% төлем жасағанда	20 000	Бір оқу жылына
7.	«Үздік» дипломы бар білім алушыларға: - бір мамандыққа саны 10 адамға дейін;	40 000	Бір оқу жылына
	- бір мамандыққа саны 10-нан жоғары адам	80 000	







